



Жаңа имам тағайындалды

▶ Д.ЖҰМАДИЛОВА

Жақында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлының бұйрығымен Бауыржан Болатжанұлы Отарбаев Екібастұз қалалық мешітінің бас имамы болып тағайындалды.

Бауыржан Болатжанұлы 1974 жылы Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласында туған. 1998 жылдан мешіттің сауат ашу курстарында діни білім алған ол 2003-2005 жылдары Сирия мемлекетіндегі Араб тілі институтын тәмамдады. 2004-2010 жылдары Сириядағы Фатхуль Ислам университетінің шарифат факультетін бітірді.

2010-2011 жылдары Семей қаласындағы «Тас» мешітінің найб-имамы, Тараз қаласы «Шейх Зуннун» мешітінің бас имамы қызметтерін атқарды. 2014-2015 жылдары Павлодар қаласы «Әбу Бәкір Сыддық» медресесінің директоры болып қызмет етті.

2015 жылдың 5 маусымынан бастап Екібастұз қалалық мешітінің бас имамы. Үйленген, 1 қызы бар.